



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№50 (854) Сәрсенбі 13 желтоқсан 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



## ҮЗДІК КӘСІПОРЫНДАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Президентінің «Алтын сапа», «Парыз» сыйлықтарының иегерлері мен өзге де байқаулардың лауреаттарын Сыр жұртшылығы атынан құттықтады.**

«ҚР Президенті Әкімшілігінің жанынан құрылған республикалық комиссия қорытындысымен «Парыз» конкурсының шағын және орта кәсіпорындар арасындағы гран-при жүлдесін «Абай Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі иеленіп, аймағымыздың мерейін үстем етті. Мереке қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан алған марапат құтты болсын! Аталған жүлде бір кәсіпорынның ғана емес, Сыр жұртшылығының жеңісі деп білеміз. Бұл – облыстағы барлық кәсіпкерлік саласының өкілдеріне берілген жоғарғы баға», – деді аймақ басшысы.

Еске салсақ, «Абай Дәулет» ЖШС байқауға «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» номинациясы бойынша өтінім тапсырған болатын. Бүгінде даму қарқыны жоғары көпсалалы компанияның негізгі бағыты – күріш, құс және мал өсіру, тамақ өндірісі мен құрылыс материалдарын шығару. Мұнда 200-ге жуық адам жұмыспен қамтылған. Бұған дейін 2019 жылы кәсіпорын «Қазақстанның үздік тауары», 2020 жылы «Іскер», 2021 жылы «Алтын сапа» байқауларының лауреаты

атанған.

2020-2023 жылдары компания демеушілік пен қайырымдылыққа, әлеуметтік нысандардың құрылысы мен күтіп ұстауына 1,3 млрд.тенге жұмсаса, аймақ дамуына 2,5 млрд.тенге инвестиция салды.

Бұдан бөлек, «Алтын сапа» сыйлығы байқауының финалына 4 кәсіпорын өтіп, оның ішінде «Асыл дән ЛТД» және «Alexey Sultan Akhmet» ЖШС «Іскер» арнайы сыйлығының жеңімпазы атанды. Ал, «Алтын орда» серіктестігі «Ұлы дала елі» бірыңғай брендин пайдалану құқығын беру конкурсының лауреаты болды. Нұрлыбек Машбекұлы барлық жеңімпаздарды құттықтап, облыстың өркендеуіне, әлеуметтік-экономикалық дамуына атсалысқан кәсіпкерлерге алғыс білдірді.

Өр жылдары аймақтың 17 кәсіпорны «Парыз» конкурсының лауреаттары атанды. Атап айтқанда, 2009 жылы «Торғай-Петролеум» АҚ, 2014 жылы «Қазгермұнай БК» ЖШС гран-при жүлдесін иеленді. Биыл конкурсқа қатысуға облыс бойынша 16 кәсіпорын өтінім берді, оның 5-еуі – ірі кәсіпкерлік субъектісі, 11-і – орта және шағын кәсіпкерлік субъектісі.

## ЖЫЛУ БЕРУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

**Қасым-Жомарт Тоқаевқа Атырау, Қарағанды, Павлодар, Маңғыстау облыстарының әкімдері аймақ тұрғындарын жылумен және сумен қамтамасыз ету мәселесі жөнінде есеп берді.**

Президент апат болған учаскелердегі жағдайды шұғыл реттеп, халықты жылумен және сумен қамту ісін тез арада қалпына келтіруді және барлық елді мекендегі коммуналдық желілердің үздіксіз жұмысын жолға қоюды талап етті.

Үкіметке жылыту маусымына дайындық кезінде олқылықтар жіберілгені туралы айтылды. Үкімет басшылығы еліміздегі

тозығы жеткен энергетикалық инфрақұрылымдағы бұзылу жағдайларын қоспағанда, жалпы ахуал бақылауда екенін мәлімдеді.

Апаттық жағайларға жол бермеу шаралары қабылданып жатыр. Мемлекет басшысы берілген тапсырмаларды орындау үшін Үкіметке және облыстардың әкімдеріне жеке-жеке жауапкершілік жүктелді.

## ҮЙДЕН ӨРТ ШЫҒЫП, ЕКІ АДАМДЫ КҮЙІК ШАЛДЫ

Қызылорда қаласында жаңадан салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйден өрт шығып, екі адамды күйік шалды. Олар ауруханаға жатқызылды.

Оқиға, 12 желтоқсанда сағат 11.00-де Қызылорда қаласындағы Желтоқсан көшесі бойында салынып жатқан жеті қабатты «Мерей» тұрғын үй кешенінің екінші қабатында болған. Сыйымдылығы 50 литр газ баллоны жылытқышының газ-ауа қоспасының жылытауы салдарынан пластикалық терезелер, 22 газ жылытқышы және электр сымсы өртенген.

«Өрттің жалпы ауданы – 48 шаршы метр. Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің мамандары автосаты көмегімен

8 адамды құтқарды. Өрт сағат 12.00-де оқшауланып, сағат 12.08-де толық сөндірілді. Оқиға орнында күйік шалған 1969 және 1970 жылғы жұмысшылар ауруханаға жатқызылды. Дәрігерлер 1970 жылы туған азаматты денсаулығының жақсаруына орай үйіне жіберді», – деп мәлім етті Қызылорда облыстық Төтенше жағдайлар департаментінен. Ведомство мәліметінше, оқиға орнында Қызылорда облыстық Төтенше жағдайлар департаменті, Апаттар медицинасы орталығының филиалы, Полиция департаменті, жедел медициналық жәрдем бригадасы, Қызылорда электр торабын тарату мекемесінің мамандары жұмыс істеген.



## МӘЖІЛІС ӨТТІ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өңірдің өзекті мәселелері талқыланған жедел мәжіліс өтті.**

Алдымен аймақ басшысы Астана қаласындағы маңызды іс-шаралардың жоғары деңгейде өткенін айтып, оның ұйымдастырылуына атсалысқан әріптестеріне алғыс білдірді. Сондай-ақ елордада Сыр өңірінің бірқатар кезек күттірмес мәселелері көтерілгенін атап өтті.

«8 желтоқсан күні Президент Әкімшілігінде Мемлекет басшысы тапсырмаларының өңірде жүзеге асырылу барысын баяндадым. ҚР Премьер-министрі Әлихан Асқарұлының қабылдауында болып, облыс орталығын ыстық сумен қамту, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автожолының Ақтөбе облысына дейінгі бағытын І санатқа ауыстыру жайын талқылады. Қаражат бөлу мәселесі қолдау тапты, келесі жылы жұмыс басталады», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәжілісте облыс әкімі күннің

құрт суытуына байланысты тіршілікті қамтасыз етуші кәсіпорындар жұмысын күшейтіп, жылу беру маусымын тұрақты өткізу қажеттігін тағы да еске салды. Ауа райы өзгергенде көмірге сұраныс артатынын қаперге салып, отын қорын жасақтамаған әкімдерге ескерту жасады. Мұнан бөлек, өңірде сұйылтқан газды тұрғындарға сату, Сырдария өзеніндегі мұз ұстасу барысын бақылау және елді мекендерді су басу қаупінің алдын алу жайына назар аударылды. Автомобиль жолдарын күтіп ұстауға қажетті материалдар мен техникалардың дайындығы және балаларды қызылша ауруына қарсы вакциналау туралы айтылды. Аймақ басшысы аталған мәселелер бойынша тиісті тапсырма беріп, жұмысты күнделікті қадағалауды міндеттеді.

## АУДАН БАСШЫСЫ АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ТАНЫСТЫРДЫ

**Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетов жұмыс сапарымен өңірлерді аралап, жергілікті халықпен кездесті. Алдымен аудан басшысы Қамыстыбас ауылдық округінде болып, жаңадан сайланған ауыл әкімін елдімекен тұрғындарына таныстырды.**

Еске салсақ, жексенбі күні Арал қаласы және Қамыстыбас, Қаратерен ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті. Аудан басшысы сайлау науқанында жоғары белсенділік танытқаны үшін ауыл тұрғындарына ризашылығын білдірді. Қамыстыбас ауылдық округінде өткен сайлауда тұрғындардың 75,15% дауысымен Азат Балмырзаева жеңіп шыққан болатын. Аудан басшысы алдағы уақытта жаңадан сайланған ауыл әкіміне дамудың барлық макроэкономикалық көрсеткіштері бойынша оң параметрлерге қол жеткізуді тапсырды.

Одан соң, аудан әкімі № 21 орта мектебінің жанынан бастау алған қосымша жапсаржайдың құрылыс жұмыстарының барысын саралап өтті. 100 орындық нысан келер жылғы оқу жылында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар іс – сапар Қаратерен ауылдық округінде жалғасты. Онда аудан басшысы ауыл тұрғындарымен кездесіп, теңізді өлкеде атқарылып жатқан толымды тірліктерді ортаға салды. Сондай-ақ жаңадан сайланған ауылдық округ әкімін таныстырып өтті.

Саяси наукада қаратерендіктердің басым дауысымен Берікбол Маханов ауыл әкімі болып сайланды. Кездесуде

Серік Сағитжанұлы бұған дейін ауылдық округ қызметін атқарған Серікбай Жұбайұлына өз алғысын білдіріп, алдағы істеріне сәттілік тіледі. Мұнан соң аудан әкімінің іс сапары Бөген ауылдық округінде жалғасты. Онда аудан басшысы 3. Шүкіров атындағы №20 орта мектебінде ауыл тұрғындарымен кездесті. Елді мекен тұрғындарымен кездескен аудан басшысы ауылдың инфрақұрылымын арттыруға негізделген жұмыстар жыл сайын өз жалғасын тауып жатқандығын тілге тиек етті. Алдағы уақытта да жол және өзге де әлеуметтік мәселелер кезектілігі бойынша жасала беретіндігін жеткізді.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында ауданымызда 4 мектеп салынбақ. Жақында облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының

қатысуымен Арал қаласында алғашқы мектептің іргетасы қаланды. Келер жылы екіншісін бастаймыз. Алда Сексеуіл, Жаксықылыш кенттерінде де осы жоба аясында 2 мектеп салынады», – деді, өз сөзінде Серік Сағитжанұлы.

Аудан әкімі жұмыс сапары барысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан Бөген және Қызылжар ауылдарындағы емхананың құрылыс жұмыстарымен танысты. Жаңа үлгідегі заманауи денсаулық нысаны жақын күндері пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Іс сапардың соңында Ақлақ су тоспасынан қысқы су жіберу барысы бақыдалды. Қазіргі таңда су тоспасынан теңізге қарай секундына 50 текше метрден аса су түсуде.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың І жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

**БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:**  
**8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.**



## 2,5 МЫҢ АДАМ ҚЫЗЫЛША ЖҰҚТЫРҒАН

Қазақстанда қызылша дерті дендеп барады. Соңғы аптада вирусты 2 546 адам жұқтырған. Соңғы тәулікте 342 жағдай тіркелген екен.

Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының хабарлауынша, жалпы жыл басынан бері ауырғандар саны 22 мыңнан асты. Оның басым бөлігі, яғни, 80 пайызы 14 жасқа дейінгі балалар. Ауру өршігелі екпе ету жұмыстары да қыза түсті. 330 мыңдай адамға вакцина салынған.

## 11 АЙДА ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ 4,9% ӨСТІ

**ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров қантар-қараша айларындағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысын баяндады.**

Министрдің айтуынша, биылғы қантар-қараша айларында Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 4,9%-ға жеткен. Оның ішінде нақты сектор 3,5%-ке, ал қызмет көрсету саласы 5,6%-ке өсті.

«Салалар арасында ең жоғары өсім құрылыс, сауда, ақпарат және байланыс, сондай-ақ көлік және қоймалау қызметінде байқалды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 14,6% болды.

Инвестициялар ағыны ақпарат және байланыста – 2,8 есе, көлік және қоймалауда – 58%, саудада – 34%, білім беруінде – 17%, ауыл шаруашылығында – 11%, сондай-ақ өнеркәсіпте – 8,5%, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 4,6% өсті», – деді Ә.Қуантыров Үкіметтің бүгінгі

отырысында.

Өңірлер арасында ең жоғарғы өсім Маңғыстау, Түркістан, Абай және Павлодар облыстарында байқалды.

«Алдын ала қорытынды бойынша 2023 жылғы қантар-қазанда сыртқы сауда тауар айналымы 2,6%-ке өсіп, 114 млрд доллардан асты. Экспорт 65 млрд долларға, оның ішінде өңделген тауарлар экспорты 21 млрд долларға жуықтады. Тауарлар импорты 49 миллиард доллардан асты. Жалпы, он сауда балансы 15 млрд доллардан асты», – дейді Ұлттық экономика министрі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымы 8,4%-ке төмендеді. Ең көп төмендеуді Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстары көрсеткен.





## «ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»: ЕЛ НЕ КҮТЕДІ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылады. Оның шарты бойынша барлық кәмететке толмағандар Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызын жыл сайын алатын болады. Төлем алу үшін баланың ата-анасы не істеу керек?

БЖЗК мәліметінше, өткен жылдары балаларға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің бір бөлігі ретінде инвестициялана береді. Нәтижесінде қосымша табыс болады. Ал ата-ана не істеуі керек?

2006 жылы және одан кейін туған балалардың, оның ішінде қорғаныштыққа/қамқоршылыққа тағайындалған балалардың заңды өкілдері бүгінде «Ұлттық қор – балаларға» қор бағдарламасына қатысуды қамтамасыз ету үшін бірқатар құжаттарды пысықтағаны жөн.

Мұнда баланың жеке басын қуаландыратын құжатты (балалардың азаматтығын анықтау үшін), оның ішінде ЖСН алу керек. Мәліметтердің болуын және дұрыстығын тексеру: тегі, аты, әкесінің аты; туған жылы; кәмететке толмаған баланың ЖСН-і және азаматтығы туралы деректер нақтылануы тиіс. Сонымен қатар «Электрондық үкімет» веб-порталындағы «Балалар туралы ақпарат» бөліміндегі жеке кабинетте балалар туралы ақпараттың бар-жоғын тексерген абзал.

Төлемдер бойынша жобаның операторы мақсатты жинақтардың есебін жүргізетін және төлемдерін жүзеге асыратын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) болып табылады. Мақсатты талаптар мен мақсатты жинақтарды есепке алу доллармен жүргізілмек.

БЖЗК сайтында баланың ЖСН-ін пайдалана отырып, оның нысаналы талаптарға қатысушылар санатына қосылуы туралы ақпаратты тексеріп, аударым сомасын білуге болады. Бұл ретте балалардың заңды өкілдері egov.kz сайтындағы жеке кабинетінде тексере алады. Мұнда «балалар туралы мәліметтер» бөлімінде әрбір жыл үшін нысаналы талаптардың сомасына есептелген нысаналы талаптардың және инвестициялық табыстың сомалары туралы деректер көрсетілмек.

Бұл арада ең маңыздысы – ақшаны қашан алуға және неге жұмсауға болады деген мәселе. Келтірілген дерек бойынша, балалар 18 жасқа толғанға дейін нысаналы талаптар мен инвестициялық табыс мерзімінен бұрын алу құқығынсыз есептеледі. 18 жасқа толғаннан кейін қаражатты екі мақсатқа, яғни, тұрмыс жағдайын жақсарту үшін және «Қазпочта» АҚ немесе екінші деңгейлі банктер болатын уәкілетті операторлар арқылы оқу ақысын төлеуге алуға болады.

Айта кету керек, мақсатты талаптарды есептеу жобаға қатысушы қайтыс болған немесе қайтыс болды деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, сонымен қатар азаматтығын жоғалтқанда тоқтатылады. Қайтыс болған жағдайда мүрагерлер заңда белгіленген тәртіппен БЖЗК-дан мақсатты жинақтарды алуға өтініш бере алады.

Сонымен қатар Қазақстаннан басқа елге тұрақты тұруға кеткен адамдар Ұлттық қор қаражатын пайдалану құқығынан айырылады. Егер бала кәмететке толған соң 10 жыл ішінде мақсатты жинақ талап етілмесе, олар оның жеке зейнетақы шотына түседі. Ал оларды алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Мемлекеттік және қоғам қайраткері Илияс Қабыловты еске алуға арналған дзюдодан республикалық турнир қорытындыланды.

2006-2007 жж. туылған ұл-қыздар қатысқан айтулы доладаға республикадан 328 палуаннан құралған 12 команда қатысқан. Нәтижесінде қызылордалық дзюдошылар алдыңғы орынға жайғасты. Әр түрлі салмақтан ұлдар арасында Бозша Айдын, Алдаберген Біржан және Жақсылық Нұрслам алтыннан алқа тағынса, Ерсінтай Бақдаулет, Жолдасбек Мағжан және Болат Асаналы 2-орынды иемденді. Ал Санақбай Ерұстлан мен Дүйсенбай Нұрдаулет 3 орынды қанағат тұтты.

Қыздар арасындағы тартыс та олжалы болды. 40кг, 48кг, 52кг салмақтарында күрескен Мағанат Талшын мен Алмағамбетова Аружан 1-орынды қанжығаларына байласа, Аманжолова Сания мен Молдағали Сандұташ күміс алқаны қоржындарына салды. Ал Зейнуллақызы Айзере, Нұрадінқызы Инабат және Жумағалиқызы Нұршат 3 орынға тұрақтады.

## ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА БИЫЛ 3,7 МЛРД. ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 19 ЖОБА ӘЗІРЛЕНДІ

Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменовтың төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтіп, жиынның күн тәртібінде екі мәселе, яғни орындаушылық тәртіп, 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының Даму жоспарының Қызылорда қаласы бөлінісіндегі нысаналы индикаторларының орындалуы және «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары туралы қаралды. Бірінші мәселе орындаушылық тәртіп бойынша қала әкімінің аппарат басшысы Абатов Жасұлан баяндама жасады.

Бүгінгі күнге дейін мәжілістерде берілген тапсырмалар, барлық деңгейдегі хаттамалық тапсырмалар арнайы ақпараттық жүйеге енгізіліп, күнделікті мониторинг жүргізілуде. Осы ретте, Жасұлан Уәлиұлы хаттамалық тапсырмалар мен хаттарды уақытылы орындамай

мерзім бұзушылықтарға жол берген бөлімдерді атап өтті.

Өз кезегінде қала әкімі алдағы уақытта орындаушылық тәртіпте кемшіліктер болмауын атап өтіп, тапсырылған әрбір жұмыс, түскен арыз-шағымдар мерзімінде орындалуын қатаң тапсырды.

Келесі ретте, қалалық экономика және қаржы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Роза Жүнісова 2021-2025 жылдарға арналған Қызылорда облысының Даму жоспарының Қызылорда қаласы бөлінісіндегі нысаналы индикаторларының орындалуы бойынша хабарлады. Баяндамашы дербес бөлімдердің нысаналы индикаторларды орындау барысын саралап, әрбір көрсеткішке талдау жасады. Өздеріңізге белгілі халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жергілікті атқарушы органның бақылауындағы ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Биыл аталған бағытта қала көлемінде барлық бюджет көздерінен 9,7 млрд. теңгеге жуық

қаржы бөлінді. Нәтижесінде қаладағы ауыз су, кәріз желілері мен кәріз сорғы станцияларының тозу деңгейі төмендеді. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру мақсатында биылғы жылы 3,7 млрд. теңгені құрайтын 19 жоба әзірленді.

Сәйкесінше, аталған жұмыстар келесі жылы да өз жалғасын табатын болады. Осы ретте «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің директоры Бауыржан Әбдіғаппарұлы атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарларға толығырақ тоқталып өтті. Жиынды қорытындылай келе, шаһар басшысы Асылбек Өмірбекұлы көтерілген мәселелерге байланысты тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

## СЫРБОЙЫЛЫҚ ҰСТАЗДАР «ҮЗДІК ПЕДАГОГ» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің ұйымдастыруымен жақында өткен дәстүрлі «Үздік педагог» республикалық байқауында сырбойылық 5 ұстаз «Үздік педагог» атағының иегері атанды.

Бұл байқау 2012 жылдан бері үздіксіз ұйымдастырылып келеді. Жалпы, конкурс үш кезеңнен тұрады. Аудандық, облыстық кезеңнен өткен ұстаздар республикалық кезеңде бақ сынаиды. Биыл байқауға 961 мұғалім қатысты. Әр кезең бойынша іріктеліп, 139 мұғалім республикалық кезеңге жолдама алды. Олар бас қаладағы білім ордаларында өздерінің біліктілігін көрсетіп, 64 мұғалім «Үздік педагог» атағына лайық деп танылды, - деді №3 ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің мұғалімі Әсел Пірмағамбетова.

Байқау өте жоғары деңгейде өтті. Себебі еліміздің түкір-түкірінен білікті мамандар қатысып, практикалық, теориялық тұрғыдан өзара сынға түсті.

Бұл білім бөйгесінде заманауи технологиялармен қатар, білім үдерісінде инновациялық көзқараспен ұстаздардың тәжірибелеріне мән берілді. Сондай-ақ, осы байқаудың арқасында әр өңірдің ұстаздарымен өзара тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік туды. Үздік атанған әріптестерімді құттықтаймын!, - деді Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Әсия Боранғұлова.

Республикалық кезеңге Қызылорда облысынан 10 ұстаз барған. Барлығы сәйес тапсырмасына сәйкес, ашық сабақтар өткізді.

Ұстаздың кәсібилігі осы сабақтардан көрінді. Өйткені күнделікті өзіміздің шәкірттерге емес, бейтаныс оқушыларға сабақ бердік. Әрине әр сабағымызды ерекше әрі өзгеше идеямен өткізуге барымызды салдық. Сабақ берудегі әдіс-тәсілдеріміздің қорытынды бағасын қазылар алқасы таразылады. Аталмыш байқаудағы ең жас педагогтардың бірі мен болдым. Десе де, үздіктер қатарынан көрінгеніме қуаныштымын, - деді Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының мұғалімі Жазира Тынымбек.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ АЗАМАТҚА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ



Сыр медицинасы үшін айтулы жанаалық. Себебі араға 9 жыл салып көпбейінді облыстық ауруханасында 25 жастағы жергілікті азаматқа бүйрек трансплантациясы жасалды. Үш жылдан бері жасанды бүйрек аппаратына тәуелді болған

науқасқа өз туысы донор болған.

Дәрігерлердің айтуынша, 5 сағатқа созылған ота сәтті өткен. Қазіргі таңда науқас пен донор болған азаматтың жағдайы бір қалыпты. Олар дәрігерлердің күнделікті бақылауында болмақ. Осыған орай, бүгін көпбейінді

облыстық ауруханасында дәрігерлердің қатысуымен көшпелі баспасөз конференциясы өтті.

Соңғы 11 жылда елімізде трансплантация жасау тәсілі жоғары деңгейде жүзеге асып жатыр. Осы уақытқа дейін 3 мыңға жуық трансплантация жасалған, оның ішінде негізгісі - бүйрек, бауыр, жүрек, өкпе, ұйқыбез трансплантациялары.

Дегенмен, бұл оталардың 90 пайызға жуығы тірі донор арқылы іске асырылады. Соның ішінде әлемде туыстық донор арқылы ота жасау тәсілі кеңінен қолданылуда. Бұл ота бүйрек жетіспеушілік ауруларына өте тиімді. Мінекей, бүгін осы туыстық донор арқылы 25 жастағы қызылордалық азаматқа бүйрек трансплантациясын жасалдық.

Ота сәтті өтті. Бұл трансплантацияға көпбейінді облыстық аурухананың дәрігерлері қатысып, тәжірибе алмасты. Бүйрек ауыстыру отасын алдағы жылы да жалғастыру жоспарлануда, - деді Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының Басқарма төрағасы, медицина ғылымдарының докторы Болатбек Баймаханов.

Айта кетейік, бүгінде Қызылорда облысында 85 трансплантацияланған науқас бар. Оның 82-сі туыстық донордың көмегімен өмірін сақтап қалған. Ал биыл туыстық донор арқылы 11 науқасқа ота жасалды.

## САПАЛЫ ЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІ АРТА ТҮСПЕК

Биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 36 млрд. теңгеге 569 шақырым автомобиль жолы жолдеуден өтті. Облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

«2024 жылы республикалық бюджеттен бөлінетін 14,3 млрд. теңгеге жол инфрақұрылымын жетілдіріп, сапалы жолдар үлесін 92 пайызға жеткізу межелеген», - деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, жылдар бойы күн тәртібінен түспеген «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Жоба құны – 108,5 млрд теңге. Қызылорда облысының аумағына тиесілі

216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2025 жылы халық игілігіне беріледі. Мұнан бөлек, көпшілікті толғандырған «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Ақтөбе қаласына дейінгі аумағын төрт жолақты жолға айналдыру мәселесі де Мемлекет басшысының тапсырмасымен шешімін таппақ.

Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін теміржол өткелдері мен

аспалы көпірлер салынууда. Мәселен, Жалағаш кентіндегі 222 млн. теңгенің теміржол өткелінің құрылысы мамыр айында басталды.

Мердігер мекеме «СтандартОйлКзо» ЖШС жұмысты жылдың соңына дейін бітіреді деп жоспарлануда. Арал ауданындағы көпір өткелінің мердігері – «РИТМ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құны 3,1 млрд. теңге болатын көпірдің ұзындығы 940 метр, екі жағына жаяу жүргіншілер жолы мен түнгі жарық шамдары орнатылады. Жақын жерде орналасқан тұрғындарға қолайсыздық тудырмау үшін добыс баскыш құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

## ӘКІМДЕР САЙЛАУЫНДА КІМДЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ?

Өткен жексенбі күні Қызылорда облысы бойынша қала, кент және ауылдық округ әкімдерінің сайлауы өтті.

Әкімдер сайлауы барысында сайлаушылар жергілікті жердің дамуы мен өркендеуі жолында өз таңдауларын жасады. Дауыс беру нәтижесінде Қызылорда қаласы, Тасбөген кенті әкімінің лауазымына Тыныштықбай Айдын Маратұлы, Талсуат ауылдық округіне Бейсенбаев Ерлан Тұтқабайұлы сайланса, Арал ауданының Арал қаласына Ұзақов Батыржан Жансерікұлы, Қамыстыбас ауылына Балмырзаева Азат Төлебайқызы, Қаратеренде Маханов Берікбол

Кешубайұлы басым дауыспен жеңіске жетті.

Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінің әкімі лауазымына Әбсұлтанов Мұрат Байғабылұлы лайық деп танылса, Қазалы қаласына Орынбасаров Қайрақбай Жақсыбайұлы, Майлыбас ауылына Әбілхан Алмат Аманқосұлы сайланды.

Мұнан бөлек Сырдарияның Бесарық ауылына Серсенбаев Дәулет Абайұлы, Шиелі ауданының Бестам ауылдық округіне Қыпшақбаев Мұрат Тыныштықұлы және Жанакорғанның М.Нәлібаев ауылына Сердалиев Бақдаулет Тұрсынбайұлы көпшілік дауысқа ие болды.

## ӨҢІРДЕ ЖЫЛЖЫЖАЙ САЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Дінмұхамед Абсаттаров түркиялық «Korum Group» компаниясының өкілі Атилла Йылмазбен кездесті. Іссапар асында екі тарап өңірде жылжыжай салу жобасын іске асыру мәселелерін талқылады.

Аталған компания 1949 жылы құрылған, Түркиядағы химия саласындағы ең ірі компаниялардың бірі болып табылады. Кездесу аясында түркиялық инвесторға өңірдің

инвестициялық әлеуеті және жобаны жүзеге асыру мүмкіндігі бар өндірістік объектілер таныстырылды. Сөз соңында Д.Абсаттаров жобаны жүзеге асыру мақсатында әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін және өңірде басқа да жобаларды жүзеге асыруға дайын екендігін жеткізді. Айта кетейік, аймақта түріктің «Корума Групп» компаниясы Қызылорда облысына инвестиция құйып, 50-100 га жылжыжай кешенін салуға кіріспек.

## КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссия отырысы өтті.

Мәжіліске құқық қорғау органдарының өкілдері, білім, денсаулық сақтау саласының басшылары, мектеп және колледж директорлары, олардың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен психолог мамандар қатысты.

Күн тәртібінде кәмететке толмағандар арасындағы ішімдік, есірткі, нашакорлықтың алдын алу, кәмететке толмағандармен және оларға қарсы жасалған қылмыстардың алдын алу мәселелері қаралды. Баяндамашылар осы

мәселеге қатысты атқарылған жұмыстарға тоқталып, оның алдын алу және жол бермеу бойынша салалық басқармалармен іс-шараларды бірлесіп іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

Құқық қорғау органдарының өкілдері ағымдағы жылдың 11 айында кәмететке толмаған жасөспірімдермен жасалған құқық бұзушылықтар барысын баяндап, ағарту-профилактикалық шараларды және тәрбие бағытындағы жұмыстарды күшейту бойынша нақты ұсыныстарын білдірді.

Жиын соңында облыс әкімінің орынбасары М. Шермағанбет білім беру және оларға қарсы жасалған қылмыстардың алдын алу мәселелерін тығыз қарым-қатынас орнатуды тапсырды.





## АЛИМЕНТ ӘКЕ БОЛМАЙДЫ

Алимент ата-ананың орнын алмастыра алмайды. Бұл қаржы баланың күнделікті қажеттілігін өтеу үшін тағайындалады. Алайда, әке беретін мейірімді, қолдауды, қамқорлық пен тәлім-тәрбиені қаржысымен толтыру әсте мүмкін емес. Міне, осыны кейбір азаматтар түсіне бермейді. Тіпті өз баласына алимент төлеуден қашатын әкелер сот шешімдерін орындамай, орта жолда қалуына залалын тигізіп отыр. Бүгінде сот орындаушылар өндірісіндегі істердің басым бөлігі алимент өндіруге қатысты екен. Жыл басынан бері Қызылорда облысының сот орындаушыларына 12-мыңға жуық алимент өндіру туралы арыз түскен. Оның ішінде, 6 мыңға жуығы қанағаттандырылған.

Дәстүрлі қазақ отбасында бұрын ажырасу деген мүлдем болмаған. Өкінішке орай, бүгінде еліміздің барлық өңірінде ажырасу үйреніштікі жағдайға айналған. Кеше ғана бақытты отбасы болуға бекініп, бір-бірін сыйлап өтуге сертгескен жастардың бір-ақ күнде жатқа, тіпті дұшпанға айналып кетуі ешкімді таңдандыра қоймайды. Қынжылтағыны, статистиканың кері теккені емес, ажырасқан отбасыларда бала психикасының соққы алатыны. Ерлі-зайыптылар арасындағы некенің бұзылуынан ең алдымен балалар зардап шегуде. Кез келген бүлдірішін анасы мен әкесінің жанында, тату отбасында өскенді қалайды. Өкінішке орай, баланың пікірімен санасып жатқан ата-ана жоқ. Деректерге сүйенсек Қызылорда қалалық сотында некені бұзу бойынша 2023 жылдың 9 айында 1180 талап арыз түскен. Мамандардың айтуынша 1180 талап арыздың 165 кері қайтарылса, 1043 азаматтық іс қозғалған. Оның 679 ісіне сот шешімі шықса, 675 арыз қанағаттандырылмаған. Жалпы алғанда барлығы 1142 іс аяқталған.

Бүгінде сотқа неке бұзу туралы арыз жазып келген жұптар ажырасуға тұрмыстық жағдайдың қиындығын, мінездерінің жараспауын, ерінің ішімдік пен нашара тәуелді болуын алға тартып жатады. Мұндай жағдайда сот ерлі-зайыптылардың өзара түсінісуіне, асығыс шешім қабылдамауына,

мәселені ақылмен, байыппен шешуіне ықпал етіп, арнайы уақыт беріп жатады. Кейбір жұптар осы берілген уақыт ішінде татуласып, отбасын сақтауға екі жақтан тырысады. Ал кейбір жұптарға қанша уақыт берсең де шешімін өзгерте қоймайды. Мұндайда судьяның некені бұзу туралы шешім шығарудан бас тартуға ешқандай құқығы жоқ. Дегенмен, ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың менмендікті басып, бір-біріне кешіріммен қарауы маңызды. Өйткені, отбасының бұзылуы толық емес жаңұялар санының көбеюіне, әке тәрбиесін көрмей өсетін балалардың көбеюіне, әлеуметтік аз қорғалғандар санының артуына алып келеді.

Судьяның сөзіне сүйенсек, ажырасу тек бір сот процесімен аяқталмайды. Некені бұзу туралы сот кейіннен ортақ мүлікті бөлу, балалардың кіммен қалатынын анықтау, баламен кездесу уақытын белгілеу, алимент төлеу секілді бірнеше сот отырысына жалғасады. Ал осыншама сот отырысы ересек адамдардың өзін тоздырып, жүйкесіне кері әсер етіп жатады. Сот процесі деп жүргенде отбасының шаруасы жайына қалады, көңілі алаңданған адам айналасымен сөзге келіп, жанжалдасуы мүмкін. Мұндай кезде жұмыстың өнімділігі тоқтайды. Сот отырысы болады деп үнемі жұмыстан сұранып, ойы басқа жақта жүрген адамды жұмыс берушінің де жақтыра қоюы екіталай. Сонымен бірге соттасып жүрген адамдардың

баланы бақылауға, тәрбиесімен айналысуға уақыт таппайтыны белгілі. Міне, осындай кері әсері көзге көрініп тұрғандықтан судьялар әрбір отбасыны сақтап қалуға, ерлі-зайыптыларды татуластырып, жарастырып жіберуге күш салады.

Алимент сот шешімімен немесе тараптардың келісімімен төленеді. Бұл келісім жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариуста куәландырылады. Егер келісімге келу мүмкін болмаса немесе тараптардың бірі алименттерді төлеуден бас тартса, онда сотқа өтініш беріп, алиментті мәжбүрлі төлеткізуге болады. Ол үшін Азаматтық процессуалдық кодекстің 32-бабына сәйкес сотқа талап арызбен жүгіну қажет. Сот орындаушылар алиментке қатысты сот актілерін бірінші кезекте орындауға күш салады. Қалай болғанда да мұның артында бала тағдыры тұр.

Құзырлы органдар әкелік парызын өтеуден қашып жүргендерді тауып алдымен сот актісін дер кезінде орындауға шақырады. Алимент төлеуге мойын бұрмаса, ескерту жасалады. Одан кейін жалақысынан алимент сомасын ұстап қалуға әрекет жасалады.

Алиментті жалақыдан ұстау борышкер жұмыс істейтін ұйым есепшісінің басшылығында болады. Оны ұстау және аудару үшін нотариалды расталған келісім мен сот бұйрығы немесе атқару парағы қажет. Алайда, борышкер әкелер көбіне-көп жалақысын заңды түрде алмайды, табысын барынша жасырады. Олар жылжымайтын, жылжитын мүліктерін, банктегі шоттарын да туыстарының атына жазуға машықтанған. Мұндай жағдайда берешектен алиментті өндіру мүмкін емес. Соған орай сот орындаушысы борышкерді үкімді орындамағаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы сотқа ұсыныс енгізеді. Ондайда әкімшілік айыппұлдың мөлшерін сот судьясы айқындайды. Немесе борышкерге айыппұлдың орнына 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу жазасы тағайындалуы мүмкін. Статистикалық мәліметке жүгінсек әкімшілік кодекстің 669 бабына сәйкес 382 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабы бойынша 2 борышкер соттың үкімімен 1 жылға шектеу мерзімге сотты болды. Сонымен қатар, алимент берешегі қалыптасқан борышкерлердің басым көпшілігі жұмыссыздар. Осы мәселеге байланысты жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп әй сайын «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, ағымдағы 9 айда 72 борышкер жұмыспен қамтылған.

**PS: Отбасы кез келген адамның алтын қазынасы. Баланың тәлім-тәрбие алатын жері осы. Сол ұны бұзбай, перзенттерінің өсіп жетілуін қамтамасыз ететін ол ата-ана. Әр бала ата-ана мейіріміне сұсеп өсуге лайық.**

Зибаш ӘЛН

## Аудан жаңалықтары

### ЕҢБЕК АРДАГЕРІН ЕСКЕ АЛДЫ

Қоғам қайраткері, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет» ордендерінің иегері, соғыс және еңбек ардагері, Қызылорда облысының және Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Камал Бердәулетовтің 100 жылдығына арналған еске алу шарасы өтті.

Оған Жалағаш ауданының әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, қайраткердің жүріп өткен жолы дәуір тарихы екенін айтты.

1923 жылы дүниеге келген Камал Әбдірәшитұлы жастайынан еңбекке араласты. Қазан төңкерісінен кейінгі аласапыран, азамат соғысы, бай-болысты құдалау, көмпеске, ашаршылық сияқты зұлматтар жасөспірімді тым ерте есейтті. Республика көлемінде жоғары қызметтерде болған әкесі Әбдірәшиттің 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшырауы да жас баланың өмірге көзқарасын қалыптастырып, қатайта түсті. Іс-шарада Қ.Бердәулетовтің өмір жолы, қызметі туралы естеліктер айтылды.

### ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қала әкімі Асылбек Шәменовтің төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі комиссия отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Айдар Касанов 11 айда атқарылған жедел-қызметтік жұмыстар туралы баяндады. Жалпы қылмыстық құқық бұзушылық өткен жылмен салыстырғанда 4,9 пайызға төмендеген. Қылмыстың кезекші тәулікте ашылуы жоғарылаған. Өртүрлі әкімшілік құқық бұзғандар, қоғамдық қауіпсіздікті сақтамағандар айыппұл арқалаған. Жыл басынан бері алаяқтық қылмыстың 480 дерегі тіркелген. Өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға төмен. Алаяқтық қылмыстардың 135 дерегі – интернет-алаықтық.

### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан әкімі Серік Сермағамбетов «Қосаман» ауылдық округіндегі №68 орта мектепте ауыл тұрғындарымен жүздесті.

Кездесуде атқарылып жатқан жұмыстар сараланып, алда іске асырылатын жобалар туралы айтылды. Аудан әкімі алдымен өңірдегі мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы және аймақ басшысының қолдауымен жүзеге асып жатқан жұмыстардың барысына тоқталды. Сондай-ақ ең бірінші кезектегі әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша тиісті шаралардың өз ретімен жүргізіліп жатқанын айтты. Инфрақұрылымды жақсарту бойынша биылға бөлінген қаржыға аудандық маңызы бар жолдар мен ауылшілшік жолдар салынуда. Жергілікті жолдарды жақсартуда аудан көлемінде 31 жоба іске асты. Оның ішінде келесі жылға өтпелілерден бөлек, аудандық маңызы бар 165 шақырым автожол жөндеуден өткен.

### ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Биыл Қазалы ауданында қарқынды құрылыс жүріп жатыр. Соның бірі – «Бозкөл» және «Кәукей» ауылдарындағы дәрігерлік амбулатория.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев екі ауылға арнайы барып, нысандар жұмысын жеделдетуді тапсырды. Бұл ғимараттардағы жұмыс аяқталуға жақын. Нақтыласақ, сырлау, бояу, жарық жүргізу секілді ішкі жұмыстар атқарылуда. Оған қоса қажетті құрал-жабдықтар да орналастырылып жатыр. Аудан басшысы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаевқа жұмыс барысын назарда ұстау туралы тапсырма жүктеді.

### САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

Жосалы кенті орталығынан жеке кәсіпкер Б.Қалыбаев «Зұлхарнай» сауда үйі құрылысын аяқтап, халыққа қызмет көрсетуді бастады.

Жеке кәсіпкер «1001 ұсак» шағын дүкенін заманауи талаптарға сай етіп, құрылысқа және тұрмысқа қажетті аралас тауарлар қатарын көбейткен. «2021-2022 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде несие қаражатын алған. Нарық бағасынан арзан өнімдер сатуды мақсат етіп отырған кәсіпкер сауда нысанында 5 жаңа жұмыс орнын ашты.

### КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕР КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Аудан әкімдігі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі аудандық комиссия отырысы өтіп, екі мәселе қаралды. Комиссия отырысына аудан әкімінің орынбасары Д.Байдұшев төрағалық етті.

«Отбасы және неке құндылықтарын сақтау, гендерлік теңдіктің насихаттау, отбасылық қатынастарды нығайту бағытында шаралар ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында атқарылған жұмыстар туралы «Сырдария ауданының әйелдері» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Мырзахметова хабарлама жасады.

Өз ісін бастаған әйелдерге қаржылай және қаржылай емес қолдау шаралары туралы ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету мәселесі бойынша хабарлама жасаған аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы А.Сәдуақасов кәсіпкер ретінде тіркелген әйелдер саны көбейіп келе жатқанын жеткізді.

### ИСЛАМТАНУШЫ ҒАЛЫМДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Нұржан Ахатов РАТТ мүшесі, исламтанушы ғалым, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ұстазы Ризабек Батталұлын қабылдады. Ризабек Батталұлы жерлестерімізбен Шиелі ауданының орталық мешітінде кездесу үшін Алматы қаласынан келген болатын. Ол – көптеген діни тағылымды кітаптың авторы.



### ҚЫТАЙДА ДА ҚАР ҚАЛЫҢ

Ауа райының қолайсыздығынан мектептер жабылды. Әсіресе Хенань провинциясының астанасы Чжэнчжоу қаласындағы жағдай қиын. Шетелде де ауа райы елді әбгірге салып жатыр. Қытайдың солтүстігін қалың қар басты. Мұнда бораннан кейін көк тайғақ басталған. Ал аймақта бас-аяғы 192 пойыздың сапары доғарылып, бастауыш және орта мектептер жабылды. Негізгі магистральдарда көлік қатынасына тыйым салынып отыр. Зардап шеккен адамдар туралы мәлімет жоқ.

### ҚҰРАНДЫ ӨРТЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛАТЫН ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ

Дания парламенті осындай заң қабылдады. Оны бұзғандар айыппұл төлейді немесе екі жылға сотталады. «Reuters» агенттігінің хабарлауынша, депутаттар бұл құжатты елдің қауіпсіздігіне алаңдағандықтан мақұлдаған. Айта кетсек, исламның қасиетті кітабын қорлау оқиғалары кейінгі кездері мұсылман мемлекеттерінің скандинавиялық елдерге наразылығын

күшейтіп отыр. Құран көшірмелері биыл Дания мен Швецияда бірнеше рет жағылды. Бұл әрекет күллі мұсылман қауымының наразылығын тудырды.

Осыған орай, Қазақстан республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Құран мен басқа да діни кітаптарды вандализммен қорғау қажеттігін айтып, халықаралық қоғамдастықта пікір білдірген болатын.

### 2024 ЖЫЛЫ КЕЗЕКТЕН ТЫС ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ ӨТЕДІ

Әзербайжанда кезектен тыс президент сайлауының өтетін уақыты жарияланды. Тиісті құжатқа Ильхам Әлиев қол қойды. Кезектен тыс президент сайлауы 2024 жылдың 7 ақпанында өтетін болды.

Әзербайжан Республикасының Орталық сайлау комиссиясына Әзербайжан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2024 жылғы 7 ақпанға белгілеу және оны Әзербайжан Республикасының Сайлау кодексіне белгіленген тәртіппен өткізуді қамтамасыз ету тапсырылды.

### ҚОҚЫС ЖИНАУДАН АЛҒАШ РЕТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

Оған әлемнің түпкір-түпкірінен 21 елдің өкілдері қатысты. Тазалыққа ерекше мән беретін жапондар коқыс жинауды енді жарысқа айналдырып, осылайша әлем назарын жаһандық проблемаға бұрғысы келеді. Әлем елдері тәжірибесінде қала көшелерінің тазалығымен арнайы сақшылар айналысады. Ал Күншығыс елінде бұл жұмыс тұрғындарға жүктелген. Өйткені жергілікті халық көшеде шашылған коқыс көрсө, дереу

жәшікке тастауды әдетке айналдырған. Бұл – бұрыннан бар әдет. Енді міне коқыс жинау спортқа айналды. Биыл тазалық жаршылары әлем деңгейінде сайыс өткізуді қолға алды.

«Чемпионаттың мақсаты – теңіз және мұхиттарды пластикалық қалдықтардан тазартуға адамдардың қызығушылығын оятуға әрі қоршаған ортаны таза ұстауға үгіттеу. Сондықтан бұл байқау қатысушылардың айналасын айнадай ұстауына, табиғат жанашыры болуға мүмкіндік береді», - дейді сайысты ұйымдастырушы Мицуюки Унно, сайысты ұйымдастырушы.

Әлем чемпионы атану үшін бар-жоғы 90 минут ішінде көп мөлшерде коқыс теру керек. Әр топ 3 кісіден жасакталған. АҚШ, Австралия, Франция сынды ірі державалар бақ сынаған бәйгеде Ұлыбритания командасы озық шықты. Тұманды Альбион тобы бір жарым сағатта жәшігін 57 келіге толтырды. Ал Жапония екінші орынға тұрақтаса, АҚШ командасы жүлделі үшінші орынды қанжығасына байлады.

«Чемпионатқа қатысу арқылы біз де «спогоми» спортының дамуына өз үлесімізді қостық. Әрі коқыс жинауды спорт ретінде бағалап, Жапонияның мәдениетімен танысуға мүмкіндік алдық. Экологиялық ортаның қаншалықты маңызды екенін сезіне білдік. Біз үшін үлкен тәжірибе болды», - дейді сайысқа қатысушы Сара Пэрри.

Чемпионат алғаш рет ұйымдастырылса да, қатысушылардың алған әсері айрықша. 2 күнге созылған байқауда Жер-Анаға құрметіміз артып, қоршаған ортаға шын жанашыр болуды үйрендік дейді Австралиядан келген қатысушы Петра Уильямс.

«Чемпионат бізді сынады, тәрбиеледі, бастысы Жер-Ананы қадірлеп, планетамызды қалдықтардан сақтауға үйретті. Жапониядан үлгі аларлық тұрмыз көп. Байқауға қатысу арқылы біз елдің дәстүрін, мәдениетімен

жакынырақ таныстық», - сайысқа қатысушы Петра Уильямс.

Байқау барысында қатысушы командалар бас-аяғы 550 келіге жуық коқыс жинап, тазалықтың тамаша үлгісін көрсетті. Енді бұл спорт кең етек жайып, әлем елдерінде де тәжірибеге енсе екен дейді ұйымдастырушылар. Ал келесі чемпионатты 2025 жылы тағы да Токкиода өткізу жоспарда бар.

### ҰЛЫБРИТАНИЯДА ШОШҚА ТҰМАУЫНЫҢ ЖАҢА ШТАММЫ ТІРКЕЛДІ

Ұлыбритания тарихында тұңғыш рет шошқа тұмауының H1N2 штаммын жұқтырған адам тіркелді. Бұл инфекция адамға тек доңыздан беріледі. 2009 жылы индеттің осыған ұқсас штаммы әлемде пандемия тудырып, 280 мың адамның өмірін жалмаған. Дегенмен, дәрігерлер жаңа штамман аса қауіп жоқ, деп отыр. Егер инфекция белгілері аныкталса, дереу оқшауланып, басқалармен қарым-қатынаста болмауға шақырады.

### БЕЛЬГИЯДА ШЕРУГЕ ШЫҚҚАН ЖҰРТ ЖАҢАН БАСШЫЛАРЫНА ТАЛАП ҚОЙДЫ

Бельгия астанасы Брюссельде климаттың өзгеруіне қарсы шеру өтті. Полицияның мәліметінше, шараға 20 мыңнан астам адам қатысқан. Экологиялық ұйымдар наразылық акциясын климаттың өзгеруі жөніндегі БҰҰ-ның Дубайда өтіп жатқан конференциясына байланысты ұйымдастырды. Елдің түпкір-түпкірінен жиналған жұрт жаһан көшбасшыларынан

ғаламдық жылынуды тоқтатуға қатысты нақты шаралар қабылдауды талап етті.

«Ғаламдық жылыну су тасқынына әкеле ме деп қорқамын. Дубайдағы шараға жиналған әлем көшбасшылары климаттың өзгеруіне қарсы мойындарына алған міндеттемелерін орындауы тиіс», - деді шеруге қатысушы Ангесса Пери.

«Біз біліктігерлерден қыста тонбайтындай үйлерімізді жақсылап қаптауды, қоғамдық көліктерді жетілдіруді, қоршаған ортаны ластауды азайтып, ауаны тазартуға басымдық беруді талап етеміз», - дейді климаттық коалицияның президенті Николас Ван Нуфель.

### ХЕОПС ПИРАМИДАСЫНЫҢ ҚҰПИЯСЫ ТОЛЫҒЫМЕН АШЫЛАДЫ

Пирамиданың құпия есіктері ашылады. Бұл туралы Ұлыбританияның The Sun газетіне берген сұхбатында Мысырдың көне жәдігерлер жөніндегі бұрынғы мемлекеттік министрі, қазіргі жетекші археологы Захи Хавас айтты. Оның айтуынша, құпия есіктердің бірі бейгіттің екінші камерасының оңтүстік кіреберісіне жақын жерде орналасқан. Оның екі мыс тұтқасы бар. Осы есіктің артында тағы бір есік бар. Ал үшінші есік солтүстік туннельде орналасқан. Бұл есік симметрия үшін туннельдің артында жасырылған болуы мүмкін.

Егер жұмбақ есіктер ашылса бұл үлкен жаңалық болады. Өйткені, табылған есіктердің айналасы бірнеше рет зерттелгенімен олардың артында не жасырылғаны туралы ешкім ештеңе білмейді, – деді ол.

Ғалымдар барлық есік ашылса Хеопс пирамидасының құпиясы толығымен ашылады деп отыр.





11.12-17.12.2023

## Тоқты



Жоспарыңызға әсер ететін шұғыл істер шығуы мүмкін. Бірақ ол үшін көңіліңізді түсірудің қажеті жоқ, сіз барлығына үлгересіз. Егер жұмыс ауыстыруды жоспарлап жүрген болсаңыз, сәтті пайдаланыңыз. Бұл кезең мүлік сатып алуға, жөндеу жұмыстарын жасауға және көнуге қолайлы. Әрбір істі ойланып, ой елегінен өткізіп жасаған дұрыс.

## Торпақ



Сізді тәуекелді және шығынды жобаға тартуға тырысады, сондықтан шешімді асықпай, ойланып қабылдаңыз. Осылайша, өзіңізді қаржылық шығыннан құтқарасыз. Бұл кезеңде кей Торпақтар ата-ана атанады және отбасылық байланыстарын қатайтады. Бұл апта достық және туыстық кездесулерге, романтикалық танысуларға қолайлы.

## Егіздер



Бұл жұлдыз белгісі өкілдері өмірлік энергия мен шабыттың келгенін сезеді. Олар серіктестер, басылылық және достар ұсынған кез келген жобаға қатысуға тырысады. Бірақ шамаңызды біліңіз, бірден барлық іске кіріспеніз. Жақын адамдарыңызбен араласу кезінде қиындықтар, келіспеушіліктер болуы мүмкін.

## Шаян



Бұл апта жоспар құруға, білім алуға, ақпарат жинауға қолайлы болмақ. Отбасыда келіспеушіліктер туындауы мүмкін, сондықтан жақындарыңыздың пікірін тыңдаңыз және біржақты шешім қабылдамаңыз.

## Арыстан



Жаңа жобаны қолға алу керек болады. Одан қорықпаңыз, сіз басылылық қойған тапсырмаларды орындай аласыз. Белсенді болуға тырысыңыз. Мүмкіндіктеріңізді асыра бағалау - сіздің басты жауларыңыз. Қаржылық жағынан аздап қиындықтар болуы мүмкін. Жоспарсыз ештеңе сатып алмаңыз және қарызға кірмеуге тырысыңыз.

## Бикеш



Бұл кезеңде ескі проблемаларды жоюға мүмкіндік туады. Аяқсыз қалған істерді аяқтауға толық мүмкіндік бар. Алдағы күндері сәттілік серік болмақ.

## Таразы



Табысқа жету үшін сізге білім мен кәсіби дағды ғана емес, сондай-ақ оптимистік көзқарас та керек. Күшіңізге сеніп, алға жылжыңыз. Жұмыста жанжалдар туындауы мүмкін, сондықтан абай болыңыз.

## Сарышаян



Бұл апта жоспар құруға, әріптестермен, серіктестермен және басылылықпен сөйлесуге қолайлы уақыт. Іскерлік келіссөздер керемет нәтиже береді. Егер бизнеспен айналыссаңыз, табыстың жақын екенін сезесіз. Бұл аптада қаржылық сала өкілдері, мұғалімдер және шығармашыл қызметкерлерге сәттілік серік болмақ. Апта соңында бұрынғы таныстарыңызды кездестіруіңіз мүмкін.

## Мерген



Көпшілік Мергендер энергия жетіспеушілігін сезеді, әрине, бұл жұмысқа әсер етеді. Егер мүмкіндік болса, еңбек демалысын алыңыз. Бұл күшіңізді қалыпқа келтіруге және кәсіби қателіктер жібермеуге көмектеседі. Отбасыңызбен көбірек уақыт өткізуге тырысыңыз.

## Тауешкі



Бұл аптада қарсыластарыңызбен араласуға және әріптестеріңізбен тиімді жоспар құруға қолайлы кезең. Іскерлік серіктестермен және басылылықпен келіспеушіліктер туындауы мүмкін. Кәсіби қабілеттеріңізді көрсетіңіз, өзіңізді сенімді ұстаныңыз және міндетті түрде өз көзқарасыңызды дәлелдейтін аргументтерге не болыңыз. Отбасылық мәселелерден қашпаңыз, әйтпесе ол одан сайын үдеуі мүмкін.

## Сукұйғыш



Көпшілік Сукұйғыштар қаржылық сұрақтарды шешемін деп шаршаңқылықты сезеді. Жұлдыздар артық жүктемеден аулақ болуға шақырады. Егер болмағанда, демалыс күнді өзіңізге арнаңыз. Ең заң тұрғысынан қандай да бір қиындықтар туындаса, өз білгіңізге сенбей, маман көмегіне жүгіріңіз.

## Балықтар



Бұл апта Балықтар үшін шағырмашылық жобаларды жүзеге асыруға, келіссөздер жүргізуге және іскерлік кездесулерге баруға қолайлы. Егер басылылық білімніңізді арттыратын курстардан өтуді ұсынса, бас тартпаңыз. Қаржылық жағдай жақсарды, жалақыңыз өсуі немесе мансаптық өсім болуы әбден мүмкін.

## 2024 ЖЫЛЫ МӘМСҮШІН ҚАНША ТӨЛЕЙМІЗ?

**МӘМС жарналары мен аударымдары бойынша ставкалар өзгеріссіз қалады. Бірақ базалық есептік көрсеткіштің – ең төменгі жалақының (ЕТЖ) – жаңа мөлшерлерінің бекітілуіне байланысты төлем сомалары өзгереді. Сонымен, келесі жылы МӘМС-ке қанша төлейміз? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының болжау басқармасының басшысы Ақтолықын Сұлтанова төлеушілердің барлық санаттары бойынша түсініктеме берді.**

### Жұмыс берушілер – 3%

Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

### Қызметкерлер – 2%

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен жұмыскерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңге болуы мүмкін.

**Егер екі жерде жұмыс жасасаңыз, жарналарды қалай есептеу керек?**

Ақтолықын Сұлтанова атап өткендей, жарналарды төлеу кезінде шекті табыс барлық жұмыс орындарына қарай ескеріледі. Мысалы, қызметкердің жалақысы 600 000 теңгені құрайды. Сонымен қатар, АҚС шарты бойынша қызмет көрсетіп, 350 000 теңге жалақы алады. Жалпы табыс 950 000 теңгені құрайды, яғни 10 ЕТЖ-дан асады. Бұл жағдайда қызметкердің бір жұмыс орнынан жарналар толық мөлшерде

ұсталуы керек. Мысалы: 600 000 \* 2% = 12 000 теңге. Ал екінші жұмыс орнында ең жоғары төлемнен қалған бөлігі ғана ұсталады: 17 000 теңге (ең жоғары төленетін жарна) – 12 000 теңге (бірінші жұмыс орнынан төленген жарна) = 5 000 теңге (екінші жұмыс орнынан жарна).

Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орнынан анықтама беруі керек. Анықтаманы тапсырмаған жағдайда екінші жұмыс орнынан жарналар толық мөлшерде ұсталады, яғни артық төленген сома қалыптасады», – деп түсіндірді қор өкілі.

**Бірыңғай төлем төлеушілер – 21,5%.**

Жалақыдан ұсталатын бірыңғай төлем – бұл бірқатар салық төлемдерін есептеудің стандартты әдісіне балама. Жалақыдан ұсталатын мындай бес төлемді біріктіреді:

- міндетті зейнетақы жарналары;
- әлеуметтік аударымдар;
- МӘМС жарналары;
- МӘМС-ға аударымдар;
- жеке табыс салығы.

Бірыңғай төлемді жеңілдетілген декларация және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған арнайы салық режимі бойынша жұмыс істейтін жеке кәсіпкер мен шағын және орта бизнестің заңды тұлғасы пайдалануға рұқсат берді.

2024 жылы бірыңғай төлем мөлшерлемесі еңбекке төлеу қорының

**Шетелдік жоғары оқу орындарының студенттері МӘМС жүйесінде қалай сақтандырылады, басқа қалада болған кезде уақытша еңбекке жарамсыздық парағын ашуға бола ма? Осы және басқа да сұрақтарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.**

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРЫЛАДЫ?

**-МӘМС бойынша жұмысқа орналасу үшін медициналық тексеруден өтіп отыра ма? Емханада ақылы өту керек деп, бас тартты. Қандай негізде?**

-ҚР ДСМ-ның 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ-131/2020 «Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту» бұйрығына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады, мемлекеттік қызмет көрсету құны медициналық ұйымның прейскурантына сәйкес айқындалды.

**-Қызым студент (Ресей Федерациясында күндізгі оқу түрі бойынша оқиды), бірақ тұрғылықты жері бойынша емханада тегін медициналық көмек ала алмайды. Неліктен?**

-Егер сіздің балаңыз Қазақстан Республикасынан тыс жерде оқитын болса, онда ол шетелде оқитын студент ретінде тіркелуі керек. Шетелдік жоғары

оқу орындарында оқитын студенттерге МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебесін алу үшін egov.kz порталында «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу» тіркелуі қажет. Өтінішті толтыру, оқуды растайтын құжаттарды қоса беру және ЭЦҚ-ға қол қою керек. Әр семестрден кейін сақтандырудың мәртебесін тексеріп, қажет болған жағдайда оны жаңарту қажет.

**-Егер жұмыспен басқа қалаға келгенде уақытша еңбекке жарамсыздық парағын ашуға болады ма?**

-Бұл құжат тиісті медициналық ұйым басыпшының келісімі бойынша беріледі. Уақытша еңбекке жарамсыздық парағын ұзарту науқастың тіркелген жері бойынша медициналық ұйымда ДҚК қорытындысы болған кезде жүргізіледі (ҚР ДСМ 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы 28 тармағының негізін).

## СУДЬЯ-СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БАСТЫ ТҰЛҒА

Судьялар құқық саласындағы ЖОО студенттерімен, заң қоғамдастығы және мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу өткізді. Қызылорда облыстық сотының ұйымдастыруымен өткен шараға облыстық сот төрағасы, алқа төрағалары, судьялар, студенттер, заң қоғамдастығы мен мемлекеттік органдардың өкілдері және сот жүйесі қызметкерлері қатысты. Кездесуді алғы сөзімен ашқан Қызылорда облыстық сотының төрағасы Ә.Шығамбаев, сот жүйесінің ерекшеліктеріне тоқталып өтті.

Баяндама жасау үшін сөз кезегі облыстық сот судьясы Н.Қосановқа берілді. Ол өз баяндамасында сот төрелігі мен судьялар мәртебесі туралы мәліметтерге кеңінен тоқталып, сот жүйесіндегі судьяның орны туралы ақпараттарымен бөлісті. Мұнан соң, персоналды басқару бөлімінің басшысы Ж.Дүйсенова, судья лауазымына биіктілігі емтиханын тапсыру үшін кандидаттарға қойылатын талаптар және Сот төрелігі академиясына түсу жолдары мен ерекшеліктері туралы түсіндірме беріп өтті. Кездесу барысында қатысушылар көтерілген тақырып аясында сұрақтарын қойып, сот жүйесі өкілдерінен тиісті жауаптарын ала алды.

Шара соңында университет оқытушылары мұндай еркін форматтағы кездесу үшін ұйымдастырушыларға ерекше алғыстарын білдіріп, алдағы уақытта өзара ынтымақтастықты нығайту, тәжірибе алмасу бағытындағы шараларды жиі өткізу туралы ұсыныстарын жеткізді.

## БАЛАҒАТ СӨЗДЕРҮШІН АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Байқоңыр қалалық сотында Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 434-бабы 1-бөлігі бойынша құқық бұзушы Ф.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Құқық бұзушы Ф. жолаушылар пойызында келе жатып, азаматша О.-мен ұялы телефон арқылы сөйлескен кезде балағат сөздер айтып, осылайша жақын маңдағы жолаушыларды елемей, айналасындағыларға құрметсіздік білдіріп, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзған.

Азаматша О. жалғастырылған ұрыстан кейін желілік полиция бөліміне хабарлаған.

Құқық бұзушы Ф. мен азаматша О.-ның арасындағы телефон арқылы сөйлескендегі айтылған балағат сөздердің аудиозаңбасы сот сараптамасының қорытындысымен расталған.

Құқық бұзушы Ф. кіноні толығымен мойындап, сотқа өкінетінін көрсетті.

Сот қаулысымен құқық бұзушы Ф. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 434-бабының 1-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған 48 300 теңге сомасында әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылды.

### Байқоңыр қалалық соты

### КӨШІ-ҚОН ЗАННАМАСЫН БҰЗҒАН ШЕТЕЛДІКТЕР АЙЫППҰЛҒА ЖАЗАЛАНДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтҚ-ның 517-бабының 4-бөлігімен Өзбекстан Республикасының төрт азаматына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралды. Сотта анықталғандай шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасы аумағына жеке мақсатта келіп, занамада белгіленген мерзім өткеннен кейін он тәуліктен асатын кезең ішінде кетуден жалттарып, Қазақстан Республикасының халықтың көп-қоны саласындағы занамамасын бұзған. Сот отырысында олардың құқық бұзушылық әрекеттері, өздерінің кінәларын мойындаған жауаптарымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Сот қаулыларымен шетелдік азаматтар жоғарыда аталған баппен кінәлі деп танылып, әкімшілік айыппұлға жазаланды.

### Арал аудандық соты

### КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ТІРКЕУСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРҒАН

Сырдария аудандық сотымен ҚР ӘҚБтҚ-нің 463-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды (кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу, сондай-ақ тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жіберусіз әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру).

Сот отырысында 2023 жылғы қарашада салық органымен тексеру жүргізілген кезде, Сырдария ауданының С.Сейфуллин ауданындағы азамат Б. кәсіпкер ретінде тіркелмей және рұқсат құжаттарының спирттік ішімдіктерді және темекі өнімдерін сатқаны анықталды. Сотта Б. өз кінәсін толық мойындап, жасаған ісіне өкініш білдірді.

Сот қаулысымен ӘҚБтҚ-нің 463-бабының 1-бөлігі бойынша кінәлі деп танылып және оған 36 225 теңге айыппұл салынып, алынған алкогольдік және темекі өнімдері тәркіленді.

### Сырдария аудандық соты

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

**Директор**  
**Егиншибаева Анар**  
**Жақыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**  
**Әбілбай Садықбаев**  
**Данияр Сұлтанбеков**  
**Рысбай Кәрімов**

**Бас редактор**  
**Сыдықова**  
**Жанар**  
**ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

**Жауапты хатшы**  
**Зибаш ӘЛИ**  
**8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газетті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 19.10.2007 ж

**Редакцияның**  
**мекен-жайы:**  
**Тоқмағанбетов**  
**көшесі 36 а,**  
**1 қабат 7 кабинет**  
**Телефон:**  
**8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62  
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты  
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды  
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді  
Газет бетінде жарияланымдардың позициясын мен фактілерін үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**  
**Индекс 66503**  
**Тапсырыс №288**

**E-mail: gazeta\_eltilegi@mail.ru**  
**Электронды нұсқасы:**  
**https://ret-gazeta.kz/**